## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 863 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 қазанда № 19453 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті ( М.Қ. Байболов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Министр* | *Е. Тургумбаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2019 жылғы 8 қазандағы
№ 863 бұйрығына
қосымша

## Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 383 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9635 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2014 жылы 5 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың полиция департаменттерінің, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықтың талаптарын зерделеуін және сақтауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.";

2. "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылғы 21 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және облыстар полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД), Қазақстан Республикасы ІІМ-нің (бұдан әрі – ІІМ) Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықты зерделеуін, сондай-ақ Қағидаларда көзделген қызметтік құжаттаманы дайындауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын;

3) алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында:

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) көлік құралын есептен шығару – көлік құралын жоғалтумен, басқа адамның иелігіне шығарумен, сондай-ақ кәдеге жаратумен немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты болуға әкетумен байланысты немесе өзге де мән-жайларға сәйкес көлік құралын мемлекеттік тіркеуді тоқтатумен байланысты іс-әрекеттер;";

3-тармақтың 15-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1) тіркеу әрекеттері – көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырумен, есептен шығарумен, көлік құралдарының тіркеуіне және бірыңғай ақпараттық жүйеге өзгерістер енгізумен, кепілдерді тіркеумен (алумен), ауыртпалықтар салумен және алумен байланысты қызметі.";

3-тармақтың 16) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көлік құралдары жеке тұлғалардың атына олардың тұрақты тіркелген тұрғылықты жері бойынша тіркеледі.

Көлік құралдарын заңды тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу олардың тіркелген заңды мекенжайы бойынша, ал филиалдар мен өкілдіктерінің атына – олардың тіркелген жері бойынша жүргізіледі.

Көлік құралын тіркеуге құжаттарды қабылдау және дайындарын беру көлік құралы иесінің жүгіну орны бойынша жүзеге асырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жеке жеңіл көлік құралдарын, мотоциклдер мен мотороллерлерді қоспағанда, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және есептен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 747 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әскери-көлік міндеттілігі туралы ереженің 6-тармағына сәйкес жүргізіледі.";

10, 11-тармақтар алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тіркеу әрекеттерін www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жасауды қоспағанда, тіркеу іс-қимылдарын жасау кезінде жеке басты куәландыратын құжаттың негізінде көлік құралдары иелерінің жеке басы сәйкестендіріледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көлік құралының жеке тұлға болып табылатын иесінің өкілі жүгінген жағдайда , азаматтық заңнамаға сәйкес берілген құжаттардың негізінде көлік құралдарын тіркеу кезінде иесінің мүддесін білдіруге оның өкілеттігі тексеріледі. Заңды тұлға өкілінің өкілеттігі басшының немесе осыған уәкілетті өзге де органның қолтаңбасымен куәландырылған сенімхатпен және заңды тұлғаның мөрімен (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) расталады.";

16-тармақта:

1), 10) тармақшалар және тармақтың соңғы абзацы алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) 018/2011 КО ТР 14 және 15-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша көлік құралының типін мақұлдау, көлік құралы шассиінің типін мақұлдау:

көлік құралын дайындаған сәттен бастап үш жылдан аз уақыт өткен жағдайда, заңды тұлғалар Кеден одағы/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып

табылмайтын елдерден әкелінетін, айналымға шығарылатын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде;

жеке және заңды тұлғалар Кеден одағы/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден әкелінетін, айналымға шығарылатын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде ұсынылмайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуді жүргізуге өшірілген не қосып жазылған, сызылған сөздері және басқа да, сондай-ақ қарындашпен жазылған түзетулері бар және егер ондағы мәтін анық көрінбеген жағдайда құжаттар қабылданбайды. Жеке тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты тұрғылықты тіркелген жері мекенжайының деректері көрсетіле отырып, ал заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары қысқартусыз және олардың заңды мекенжайлары көрсетіле отырып толық ұсынылады. Көлік құралдарын тіркеуді жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері аталған құжаттарды берген заңды тұлға (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрінің түпнұсқасымен расталады.";

21, 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ есептен шығаруды жүргізер алдында көлік құралын, иесін және иесінің өкілін олардың іздестіруде болуы мәніне ІІО ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады. Жүргізілген тексеру нәтижесі БАЖ-да сақталады.

22. Ұсынылған құжаттарды, МТНБ-ны қолдан жасау белгілері анықталған кезде, сондай-ақ көлік құралының (нөмірлік агрегаттардың), иесінің немесе ұсынылған құжаттардың іздестіруде екені туралы мәліметтер болса, ІІО-ның уәкілетті қызметкері, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері дереу ІІО кезекші бөліміне тиісті ақпарат береді.

Соғылған, егелген нөмірлік агрегаттар, іздестіру бойынша есептен шығарылмаған көлік құралдары тіркеуге жатпайды.

Нөмірлік агрегаттардың сәйкестігін анықтау үшін ІІО уәкілетті қызметкері көлік құралын қарап тексеруді жүзеге асыра алады.

Көлік құралын сәйкестендіру, көлік құралын дайындаушы салған нөмірлік агрегаттар таңбалануының сәйкестігін анықтау үшін ІІО уәкілетті қызметкері көлік құралын қарап тексеруді жүзеге асыра алады.";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Дайындаушы кәсіпорындардан, автожөндеу зауыттарынан, мемлекеттік кіріс органдарынан өз жүрісімен жеткізілетін, сондай-ақ тұрақты тіркеу орнының немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты есептен шығарылған көлік құралдарына бір рет пайдалану үшін тиісінше "Транзит" МТНБ беріледі.

"Транзит" МТНБ беру кезінде көлік құралдарына меншік құқығын растайтын құжаттарда көрсетілген белгілердің сериясы, нөмірі, берілген күні мен жарамдылық

мерзімі көрсетіледі және осы жазбаларды жазған ұйымдардың (жеке кәсіпкерлік субъектілерді қосапағанда) мөрлерімен куәландырылады.

"Транзит" МТНБ қолданылу мерзімі – берілген күнінен бастап күнтізбелік он күн.";

25. Көлік құралы иесінің Мемлекеттік корпорация үй-жайларында қолда бардан МТНБ таңдау, сондай-ақ жоғары сұранысқа ие, белгілі цифрлық және (немесе) әріптік белгіленуі бар, қолда жоқ бос МТНБға тапсырыс беруге құқығы бар.

Көлік құралдары иелерінің қолда бар МТНБ тізбесіне қолжетімділігі тиісті ақпаратты Мемлекеттік корпорацияның үй-жайларында орналастыру жолымен ұйымдастырылады. Қолда бар МТНБ-ның барлық тізбесі міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйелеріне енгізіледі. Жоғары сұранысқа ие емес жаңа МТНБ-ны дайындауға және жеткізуге арналған өтінімге ПД ӘПБ мемлекеттік органдардың, дипломатиялық өкілдіктердің, Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың және (немесе) оның өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің , Қазақстан Республикасында аккредиттелген қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің көлік құралдарына берілетін МТНБ-ны қоспағанда, МТНБ-ны алфавиттік тәртіппен енгізеді.

Көлік құралы иесінің ерік қалауы бойынша ол жүгінген кезде жоғары сұранысқа ие МТНБ-ны таңдау және брондау жүзеге асырылады.

Иесі жоғары сұранысқа ие МТНБ-ның белгілі цифрлық және (немесе) әріптік белгіленуін таңдаған көлік құралын тіркеу МТНБ дайындағаннан кейін жүргізіледі.";

26-тармақ алып тасталсын;

27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Бұрын МТНБ тіркелген көлік құралын мемлекеттік есептен шығарған жағдайда , бұл нөмірлік белгі тапсыруға жатады.

Тапсырылған МТНБ, көлік құралы иесінің арызы бойынша сақтау жағдайларын қоспағанда, жоюға жатады.

Иесінің арызы бойынша тапсырылған, ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келетін МТНБ-ны 6 айға дейін сақтауға жол беріледі.

28. Бұрын Мемлекеттік корпорацияға тапсырылған және ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келетін МТНБ көлік құралы иесінің сұрау салуы бойынша ол жаңадан сатып алған көлік құралына қайта беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда сақтаудың 30 тәулігі өткенге дейін МТНБ оны беру үшін мемлекеттік баж төленбей беріледі.";

31-тармақ алып тасталсын;

32, 33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Ауыртпалығы бар көлікке құжаттар мен МТНБ телнұсқалары тиісті шектеулерді қойған органдар берген рұқсат беру құжаттарының негізінде беріледі. Құжаттар мен МТНБ телнұсқаларын беру сәтіне БАЖ-дағы ауыртпалықтарды уақытша шешуді ІІО-ның уәкілетті қызметкері жүргізеді.

33. Есептен шығарылған көлік құралдарының тіркеу құжаттары жоғалған жағдайда, Мемлекеттік корпорация көлік құралының иесіне, орналасқан жеріне қарамастан, бұрын тіркелгені туралы анықтама-растау береді. Мемлекеттік корпорация көлік құралының бұрынғы тіркелгені туралы ақпаратты БАЖ-дан алады.

34. Тіркеу іс-әрекеттерін жасауға негіз болған құжаттар көлік құралын тіркеу орны бойынша сақталады.

35. Қазақстан Республикасының аумағына бір жылдан астам мерзімге уақытша әкелінген көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу иелеріне олардың әкелінген мерзіміне КҚТК мен МТНБ бере отырып жүргізіледі. Тіркеу құжаттары мен МТНБ түпнұсқалары көлік құралын тіркеу орны бойынша сақталады.";

41, 42 және 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Көлік құралдарын лизинг берушінің атына мемлекеттік тіркеуді, өзге тіркеу әрекетін жасауды және осындай көлік құралдарын тіркеу есебінен шығаруды Мемлекеттік корпорация жалпы негіздерде жасайды.

42. Көлік құралдарын лизинг алушының атына тіркеуді көздейтін лизинг немесе қосалқы лизинг шартының негізінде лизинг беруші лизинг алушыға уақытша иеленуге және (немесе) пайдалануға берген көлік құралдары лизинг не қосалқы лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына орналасқан орны бойынша шарттың қолданылу мерзіміне Мемлекеттік корпорацияда уақытша тіркеледі.

Көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша мемлекеттік тіркеу лизинг немесе қосалқы лизинг шартында не Қазақстан Республикасының аумағына көлік құралдарын уақытша әкелген кезде мемлекеттік кіріс органдары беретін құжаттарда көрсетілген мерзімге МТНБ және КҚТК бере отырып жүргізіледі.

Көлік құралдарын лизинг берушінің атына тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорация берген МТНБ және КҚТК, сондай-ақ лизинг берушінің атына тіркелген немесе тіркелмеген көлік құралдарына берілген лизинг немесе қосалқы лизинг шартының көшірмелері (ксерокөшірмелері) көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады.

43. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден уақытша әкелінген көлік құралдарының тіркеу құжаттары және тіркеу нөмірі белгілері көлік құралдарын тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады және лизинг алушының атына тіркеледі.";

46 және 47-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдарының тіркеу деректерін өзгерту лизинг алушы көлік құралдарына күрделі және/немесе ағымдағы жөндеуді жүзеге асырған жағдайда ғана, оның ішінде егер бұл шартта көзделген болса, нөмірлік агрегаттарды ауыстыра отырып жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда тіркеу деректерін өзгерту берілген тіркеу туралы куәлікті ауыстыру және көлік құралдарының паспорттарына тиісті өзгерістер енгізу арқылы

көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияда жүзеге асырады.

47. Лизинг алушының атына көлік құралдарын уақытша тіркеу мерзімі аяқталған кезде осы көлік құралдары лизинг алушының өтініштері негізінде тіркеу есебінен шығарылады. Лизинг алушыларға берілген МТНБ және КҚТК көлік құралдарын уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады. Өтініш берушілерге олардан қабылданған тіркеу құжаттары мен лизинг берушінің атына тіркелген көлік құралдарына МТНБ қайтарылады.

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге байланысты тіркеу есебінен шығарған кезде, өтініш берушілерге көлік құралын тіркеу есебінен шығару туралы белгісі бар КҚТК беріледі, сондай-ақ көлік құралы тіркелген шет мемлекеттердің тіркеу нөмірлері қайтарылады, ал олар болмаған кезде "Транзит" МТНБ беріледі.";

50 және 51-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Осы Қағидалардың 49-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 4), 7), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, ал осы Қағидалардың 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертуді растайтын құжаттардың негізінде қосымша жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 49-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 4), 7) 12), 13) және 15) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 49-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайда БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Сот қаулысының негізінде кәсіпорынның банкроттығы туралы іс қозғалған жағдайда, есептен шығару және тіркеу "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімшінің өтініші бойынша тарату комиссиясы шешімінің негізінде жүргізіледі.

51. БАЖ-ға және БАЖ бен КҚТК-де көрсетілген тіркеу деректерінен айырмашылығы бар КҚТК-ге өзгерістер енгізу ІІО берген қорытындының негізінде жүргізіледі.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша босаған көлік құралдарының нөмірлік агрегаттарына куәліктер тиісті нөмірлік агрегаттарды ауыстыруға байланысты тіркеу деректері өзгерген кезде, сондай-ақ олардың кәдеге жаратылуына байланысты көлік құралын есептен шығарған кезде беріледі.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Көлік құралын есептен шығару үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7), 9), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады, сондай-ақ МТНБ-ны тапсырады.

Салық салу объектісі болып табылатын көлік құралына қатысты тіркеу әрекеттерін жүзеге асырған жағдайда, меншік құқығын беретін адамның осындай объектіге нақты иелік ету кезеңі үшін төлеуге жататын салық сомасы Салық кодексінде белгіленген тәртіппен, көрсетілген іс-әрекеттерді жасағанға дейін бюджетке енгізіледі.

Есептен шығару ішкі істер органдарының ақпараттық ресурстары бойынша есептен шығаруға ешқандай шектеулер жоқ екені туралы сұрау салулар орындалғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамы көлік құралын есептен шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін бұл туралы ақпарат БАЖ-ға енгізіледі.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Кәдеге жаратуға жататын көлік құралы осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7 ) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде, есептен шығарылады. КҚТК мен МТНБ көлік құралын есептен шығару орны бойынша тапсырылады. Кәдеге жаратылатын көлік құралының КҚТК, МТНБ болмаған кезде көлік құралының иесі жазбаша нысанда оларды жоғалту мән-жайларын көрсетеді. Бұл ретте ІІО-ның ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Кәдеге жаратуға жататын көлік құралын тіркеу есебінен алғаннан кейін оның иесіне Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кәдеге жаратуға (ақаулы) жататын көлік құралын есептен шығару туралы анықтама беріледі.";

61 және 62-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Айдап әкетілген және/немесе ұрланған және көлік құралының иесіне қайтарылмаған көлік құралдарын есептен шығару оның өтініші және көлік құралының іздестіруде екені туралы ІІО берген құжаттың негізінде жүргізіледі. Іздестірудегі көлік құралы оның иесіне қайтарылған жағдайда, тіркеу оның өтінішінің негізінде және ақпараттық ресурстарда көлік құралының іздестіруде екендігі туралы мәліметтер болмаған жағдайда жүргізіледі.

62. Соттар, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік кіріс органдары не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен басқа да органдар меншік құқығын өзгерту бойынша тыйымдар немесе шектеулер енгізген көлік құралдарын есептен шығару тиісті органдар берген және көрсетілген тыйымдардың немесе шектеулердің жоқ екені туралы куәландыратын құжаттар ұсынылғаннан кейін не сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

Тіркеу әрекеттеріне тыйым салулар немесе шектеулер тиісті органдар (ұйымдар) берген құжаттар (сот органдарының қаулылары, шешімдері, ұйғарымдары, кепіл (кепіл

билеттері) және лизинг шарттары және т.б.) келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, БАЖ-ға қойылады немесе алынады.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Заңды тұлғалардың көлік құралдарын жеке тұлғаларға сату кезінде есептен шығару осы Қағидалардың 16-тармағының 7), 9), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың, заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік (коммуналдық) меншік құқығы субъектісінің (мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалар үшін) функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік (коммуналдық) органдар рұқсатының негізінде жүргізіледі.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Кері әкету туралы міндеттememен Қазақстан Республикасына бір жылдан астам мерзімге уақытша әкелінген көлік құралдарын есептен шығарған кезде Қазақстан Республикасының берілген ҚКТК және МТНБ көлік құралдарын тіркеу орны бойынша тапсырылады, ал өзге мемлекеттердің МТНБ мен құжаттардың түпнұсқалары иелеріне қайтарылады.";

мынадай мазмұндағы 5-тараумен толықтырылсын:

"5-тарау. Бақылауды ұйымдастыру";

мынадай мазмұндағы 69-тармақпен толықтырылсын:

"69. Тіркеу әрекеттері үшін негіз болған құжаттарды заңдылығы мәніне тексеруді уәкілетті орган жарты жылда кемінде бір рет жүргізеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Куәлік МКҚ басқаруға құқық беретін құжат болып табылмайды, ол тиісті санаттағы және кіші санаттағы МКҚ басқару құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін емтихандар тапсыру кезінде ұсынылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Емтихандар қабылдауды, азаматтарға "A", "B", "C", "D", "BE", "CE", "DE", "Tm", "Tb" санаттарындағы, "A1, B1, C1, D1, C1E және D1E" кіші санаттарындағы жүргізуші куәліктерін беруді "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Емтихандарды тапсыруға "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабында белгіленген жасқа толған және:

1) "Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 166 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8437 болып тіркелген) № 083/е нысанды медициналық анықтама (бұдан әрі – медициналық анықтама);

2) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымы берген курстарды аяқтағаны туралы куәлік ұсынған адамдар жіберіледі. Курстарды аяқтағаны туралы куәлікті ұсыну туралы талап "A", "B" санаттарындағы, "A1", "B1" кіші санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын алу үшін өзіндік даярлықтан өткен адамдарға таралмайды.

Шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар және мемлекеттік не орыс тілдерін меңгермеген өзге де адамдар білікті аудармашылардың қатысуымен теориялық емтихан тапсыруға жіберіледі, олар туралы мәліметтер де емтихан комиссиясының хаттамасына енгізіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Трамвай немесе троллейбус басқаруға Мемлекеттік корпорацияда тек қана теориялық емтихан қабылданады, бұл ретте практикалық емтиханды оқу ұйымы қабылдайды.";

8, 9, 10-тармақтар алып тасталсын;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Емтихандар мынадай реттілікпен тапсырылады: алдымен теориялық, кейіннен – практикалық.

Жүргізуші куәлігін алуға ниет білдірген (бұдан әрі – жүргізушілікке үміткер, емтихан тапсырушы), теориялық емтихан тапсырмаған адам практикалық емтиханға жіберілмейді. Теориялық та, практикалық та емтиханды қайта тапсыру алдыңғысын өткізген күннен бастап келесі жұмыс күніне тағайындалады.

12. Теориялық емтихан компьютерлік кешендерді пайдалану жолымен емтихан класында өткізіледі. Кешен орталық пульттен (бұдан әрі – ОП) тұруы, оған жүргізушілікке үміткерлердің автоматтандырылған жұмыс орындары (бұдан әрі – АЖО ) қосылған болуы тиіс. Әрбір АЖО пернетақтамен және монитормен жарақталған.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Теориялық емтиханды өткізу кезінде жүргізушілікке үміткер көрсетілген АЖО-ға отырады.

15. Теориялық емтихан басталар алдында мониторға АЖО нөмірі, оларды басқару құқығын алуға емтихан тапсырылып жатқан көлік құралдарының санаттары, сондай-ақ жүргізушілікке үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) шығады. Көрсетілген ақпаратты енгізуді Мемлекеттік корпорация жұмыскері ОП-ден жүзеге асырады.";

18, 19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Билет сұрақтарына жауап беру реттілігін емтихан тапсырушы өздігінен таңдайды.

19. Емтихан барысында пернелерді байқамай басып қалудан туындайтын кикілжің жағдайларды болдырмау үшін емтихан тапсырушы таңдаған жауапты тиісті пернені қайта басу арқылы қайталауға тиіс.

20. Теориялық емтиханның нәтижесі, сондай-ақ сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы туралы ақпарат емтихан тапсырушының АЖО мониторының экранына барлық сұрақтарға жауап беру аяқталғаннан не белгіленген уақыт өткеннен кейін ғана шығарылады. Біруақытта экранға таңдап алынған және дұрыс жауаптардың нөмірлерімен емтихан парағы, сондай-ақ теориялық емтиханға кеткен уақыт шығады.";

21-тармақ алып тасталсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес емтихан парағы мен емтихан нәтижелерінің хаттамасын басып шығару үшін теориялық емтихан нәтижесі емтихан тапсырушының АЖО-дан емтихан қабылдаушының ОП-сіне беріледі.";

25-тармақ алып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Практикалық емтихан тиісті санаттардағы көлік құралдарымен жарақталған және жүргізу нәтижелерін автоматты түрде есептейтін мамандандырылған құрылғылармен жабдықталған автоматтандырылған автодромда жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған автодром, сондай-ақ жүргізу нәтижелерін автоматты түрде есептейтін мамандандырылған құрылғылармен жабдықталған көлік құралдарымен жарақтау болмаған жағдайларда, практикалық емтиханды емтихан комиссиясы қабылдайды.

Практикалық емтиханды қабылдау жөніндегі емтихан комиссиясы кемінде үш адамнан тұрады:

1) жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның қызметкері ( комиссияның төрағасы, комиссия мүшелері);

2) оқу, кәсіби бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың өкілі (комиссия мүшелері);

3) Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері (комиссия мүшелері).

Емтихан комиссиясының құрамына емтихан тапсыратын топты дайындауды жүзеге асырған оқытушыны немесе автомобиль жүргізу бойынша өндірістік оқыту шеберін енгізуге жол берілмейді.

Автоматтандырылған автодромы жоқ жерлерде практикалық емтихан қозғалыстан жабық алаңда немесе автодромда нақты КҚ санаты үшін сынақ жаттығуларының негізгі элементтері бойынша жүргізіледі. Бұл ретте, практикалық емтиханды қабылдау осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес келетін көлік құралында жүзеге асырылады.";

34-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша практикалық емтихан тапсыру жөніндегі емтихан парағы мен емтихан нәтижелерінің хаттамасын басып шығаруды;";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Практикалық емтихан қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Жол жүрісі қағидаларының (бұдан әрі – ЖЖҚ) талаптарына сәйкес келетін көлік құралдары пайдаланылады.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Көлік құралының конструкциясына қосымша басқару педалін орнатумен байланысты өзгерістер енгізу "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабына сәйкес жүзеге асырылады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Практикалық емтихан басталар алдында Мемлекеттік корпорация жұмыскері тиісті тестілеу бағдарламасын іске қосу арқылы автодромның автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін, сондай-ақ бағдаршам объектісінің, жол белгілерінің, таңбалардың бар-жоғын, ақаусыздығы мен автодром экспликациясына сәйкес орнатылу дұрыстығын тексереді.

Автодромның автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін бақылау үздіксіз режимде жүзеге асырылады. Ақаулық туындаған кезде диспетчерлік пункттегі монитор экранына тиісті ақпарат шығады. Бұл ретте емтихан ақаулық жойылғанға дейін тоқтатылады, ал практикалық емтихан нәтижелері жойылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Сынақ жаттығуларын орындар алдында жүргізушілікке үміткерді көлік құралына отырғызуды және сынақ жаттығуларын орындағаннан кейін одан шығаруды уәкілетті адам жүзеге асырады.

Практикалық емтиханды автоматтандырылған автодромда тапсырған жағдайда, жүргізушілікке үміткерді қоспағанда, практикалық емтихан өткізу уақытында көлік құралында адамдардың болуына жол берілмейді.";

58 және 59-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Мемлекеттік корпорация жұмыскері жүргізушілікке үміткердің тұлғасын сәйкестендіреді, жүргізушілікке үміткерді практикалық емтихан өткізу тәртібімен және оның нәтижелерін бағалау жүйесімен таныстырады.

59. Жүргізушілікке үміткер осы Қағидалардың 67, 68, 69-тармақтарының талаптарына сәйкес сынақ жаттығуларының тиісті кешенін орындайды.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Сынақ жаттығуларын орындаған кезде жүргізушілікке үміткер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сай 13-бақылау кестесінде көзделген қателіктерге жол бермеуге тиіс.

Авариялық жағдай туындаған кезде емтихан өткізу тоқтатыладығ ал нәтижелер жойылады.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Практикалық емтихан аяқталғаннан кейін қорытынды бағасы бар емтихан парағы автоматты түрде басып шығарылады.";

74, 75, 76 және 77-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Теориялық емтихан тапсыру кезінде бес нашар баға алған жағдайда және практикалық емтихан тапсыру кезінде бес нашар баға алған жағдайда, "А", "В" санаттарындағы, "А1", "В1" санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын алуға өз бетінше даярлықтан өткен жүргізушіге үміткерлер одан әрі емтихандар тапсыруға соңғы емтихан өткізілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін жіберіледі.

75. Теориялық және практикалық емтихандардың нәтижелері теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру жөніндегі емтихан парақтарымен, сондай-ақ емтихан нәтижелерінің хаттамасымен ресімделеді.

76. Жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жері бойынша тіркелуіне қарамастан, емтихан тапсырған адамдарға беріледі.

77. Жүргізуші куәлігін алу үшін жүргізушілікке үміткер:

1) жеке басты куәландыратын құжатын (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) медициналық анықтама мен оның көшірмесін;

3) мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты;

4) курстарды аяқтағаны туралы куәлік пен оның көшірмесін (өзіндік даярлық жағдайларын қоспағанда) ұсынады.";

80 және 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Жүргізуші куәлігін ауыстыруға байланысты оны алу үшін адам осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және бұрын берілген жүргізуші куәлігін, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжатты;

электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде – осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар сканерленген нысанда ұсынылады, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте, мемлекеттік баж төлемін "электрондық үкімет" порталының төлем шлюзі арқылы жүргізуге болады.

77-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжат жарамдылық мерзімі аяқталуына байланысты жүргізуші куәлігін ауыстырған жағдайда ұсынылады.

81. Қосымша санаттар, кіші санаттар алуға байланысты жүргізуші куәлігін алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ бұрын берілген жүргізуші куәлігін ұсынады.";

83, 84 және 85-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Орнына жаңасы берілген жүргізуші куәлігі жарамсыз деп есептеледі және жүгіну орны бойынша тапсыруға жатады.

84. Шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктері олардың шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын иелері оларды алған күннен бастап алпыс күн өткен соң не Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын олардың иесі Қазақстан Республикасына кірген күннен бастап алпыс күн өткен соң Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын басқару үшін жарамсыз болып танылады.

85. Шетелде 1968 жылғы 8 қарашадағы "Жол жүрісі туралы" Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Конвенциясының талаптарына жауап беретін жүргізуші куәлігін алған, осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген адамдар оларды жүргізуші куәлігі түпнұсқасының, оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариаттық расталған аудармасының, сондай-ақ осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, теориялық және практикалық емтихандар тапсырмай, Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігіне ауыстырады.";

86-тармақ алып тасталсын;

88 және 89-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Жүргізуші куәліктері олардың иелеріне жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізуші куәліктерін беру тізіліміне қол қойғызып беріледі.

89. Жүргізуші куәлігін оның жоғалуына байланысты алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 3), 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

77-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжат жарамдылық мерзімі аяқталуына байланысты жүргізуші куәлігін ауыстырған жағдайда ұсынылады.";

90-тармақ алып тасталсын;

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін емтихандар тапсырмастан, "Жоғалғанның орнына" белгісі бар жаңа жүргізуші куәлігі беріледі.";

92, 93-тармақтар алып тасталсын;

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Олардың орнына иелеріне басқа жүргізуші куәліктері берілген, тауып алынған жүргізуші куәліктері жаңа жүргізуші куәліктері берілген сәттен бастап өзінің заңды күшін жоғалтады және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен одан әрі жою үшін міндетті түрде тапсыруға жатады.";

96-тармақ алып тасталсын;

97, 98, 99 және 100-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Басқару құқығынан айырғаннан кейін сақтау мерзімі өтуіне байланысты жойылған жүргізуші куәлігін қалпына келтіру осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 3),

5) тармақшаларына сәйкес құжаттарды ұсынғаннан кейін және теориялық емтихан тапсыру негізінде жүргізіледі.

98. Жүргізуші куәліктерін беруді, ауыстыруды және жоғалғандарын қалпына келтіруді жүргізер алдында жүгінген адамды ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады.

99. Жүргізуші куәліктерін дайындауды кәсіпорын (бұдан әрі – Жеткізуші) Қазақстан Республикасы Ішкі істер мнистрлігімен (бұдан әрі – ІІМ) және ішкі істер органдарының бөліністері – облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының полиция департаменттерімен (бұдан әрі – ПД), ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігімен жасалған келісімшартқа сәйкес жүзеге асырады.

100. Дайындалған, бірақ берілмеген жүргізуші куәліктерін сақтау терезе торларымен жарақталған, сенімді ілмегі бар металл есікпен қапталған және күзет-өрт сигнализациясымен жарақталған, құрғақ, оқшауланған үй-жайларда сейфтерде немесе металл шкафтарда жүзеге асырылады.";

101, 102-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 103-тармақпен толықтырылсын:

"103. Қадағалау және өзге де органдардың тарапынан тіркеу іс-әрекеттері, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру бөлігінде тексерулер жүргізу фактісі бойынша аумақтық бөліністер үш күн мерзімде ІІМ-ге хабарлайды.";

3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша алып тасталсын;

11-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3) "Жүргізуші куәлігі және көлік құралын тіркеу туралы куәлік бланкілерінің нысандары мен үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 874 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10064 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылы 21 қаңтардағы № 12 (27888) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жүргізуші куәлігінің үлгісі осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4) "Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 208 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10690 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 30 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының полиция департаменттерінің, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықтың талаптарын зерделеуін және сақтауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидалар жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды басқаруға, аумақтық-көліктік жоспарлауға және жол жүрісін ұйымдастыруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы әзірлейтін жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тапсырыс беруші) таралады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тапсырыс беруші нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсынады.";

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган ұсынылған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы келіседі не оны келісуден бас тартады және бұл туралы осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімде тапсырыс берушіні хабардар етеді.

Нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы келісуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті орган бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл туралы тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етеді.

Нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманың, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік нормативтерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі бас тарту негізі болып табылады.

11. Тапсырыс беруші келісуден бас тартумен келіспеген жағдайда, ол заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның іс-қимылына шағымдана алады.

12. Тапсырыс беруші келісуден бас тарту себептерін жойғаннан кейін нормативтік, жобалау және техникалық құжаттама, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттама жазбаша бас тарту алынған күннен бастап екі айдан кешіктірмей қайта келісуге жолданады. Қайта келісу уәкілетті органда өтініш тіркелген сәттен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.";

5) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 386 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11186 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларын бекіту туралы";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының полиция департаменттерінің, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықтың талаптарын зерделеуін және сақтауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қағидалар көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерді (бұдан әрі – ККТК) дайындау, сақтау және есепке алу, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (бұдан әрі – МТНБ), оның ішінде МТНБ телнұсқаларын беру және дайындау тәртібін айқындайды.

МТНБ телнұсқасы ұқсас цифрлық және әріптік белгілері бар, жоғалған және ( немесе) ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмейтін МТНБ-ның орнына берілетін МТНБ болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. ҚҚТК, МТНБ дайындауды кәсіпорын (бұдан әрі – Жеткізуші) Қазақстан Республикасы Ішкі істер мнистрлігімен (бұдан әрі – ІІМ) және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының полиция департаменттерімен (бұдан әрі – ПД), ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігімен жасалатын келісімшартқа сәйкес , Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

1-2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 5 қаңтарда № 10056 болып тіркелген) бекітілген Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында көзделген, жеке немесе заңды тұлғаның ҚҚТК, МТНБ беру туралы құжаттары ҚҚТК, МТНБ дайындау үшін негіз болып табылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ІІО), "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) басшылары дайындалған ҚҚТК-ны, МТНБ-ны қабылдау және есепке алу үшін уәкілетті адам тағайындайды.";

3, 4-тармақтар алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуі (бұдан әрі – БҚЕ) МТНБ бере отырып, ҚҚТК дайындайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарын тіркеу тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) қалыптастырылады.";

6-тармақ алып тасталсын;

7-23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Материалдық-жауапты адам Тізілімнің деректері бойынша дайындалған ҚҚТК-ны есепке алуды жүзеге асырады және әр айдың соңында Жеткізуші мен материалдық-жауапты адамының арасында ҚҚТК дайындау бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау актісі ресімделеді.

8. ПД әкімшілік полиция басқармалары (бұдан әрі – ПД ӘПБ), ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі есеп беру айынан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей Тізілімді ПД мен ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінің қаржы қызметтеріне (бұдан әрі – Қаржы қызметі) ұсынады.

9. ҚҚТК дайындау процесінде ақау туындаған кезде уәкілетті адам Жеткізушінің өкілімен бірлесіп, ақау шығу себептерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 2-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада ақаулы өнімді есепке алу актісін жасайды . Ай сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 5-іне актінің бір данасы Қаржы қызметіне , екіншісі Жеткізушінің өкіліне жолданады, үшіншісі материалдық-жауапты адамда сақталады.

10. МТНБ-ны беру көлік құралының иесіне МТНБ-ны, оның ішінде сақтауға тапсырылған МТНБ-ны нақты беруді білдіреді. МТНБ-ны иелікке беру КҚТК-ге және БҚЕ-ге МТНБ-ның жеке әріптік-цифрлық белгіленуін енгізу болып табылады.

11. МТНБ-ны жоғалтқан немесе ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда (бір данасы немесе жиынтығы) көлік құралы иесінің Мемлекеттік корпорацияға жүгінуі бойынша КҚТК-ны ауыстырмай, облыстардың және Шымкент қаласының ПД үшін он бес жұмыс күні ішінде, ал Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының ПД үшін бес жұмыс күні ішінде МТНБ телнұсқасын дайындау жүргізіледі. МТНБ-ның телнұсқасын дайындауға өтініш әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін МТНБ-ны алып қою мәніне тексерілгеннен және автомобиль үшін айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 2,8 мөлшерінде және мотокөлік құралдары мен тіркемелер үшін 1,4 АЕК көлемінде мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжатты алғаннан кейін қабылданады.

